

Чтобы Доброта и Любовь шли от сердца к сердцу, создавая в мире ауру Любви и милосердия».

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Карипбаев Ж.Б.

аға оқытушы, магистр

*Төлеуғазы Н.К., Диз-41 тобының
студенті*

Көркем шығармашылық суреткердің өзіндік ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени, факторлары негізінде туындайтын әр-түрлі, әр-қайсысының дара мәдени-сезімдік әлемін танытады. Біздер «мәдени мұра», «мәдени фон», «мәдени атмосфера», «ұлттық психология» т.б. ұғымдарды тек өнер арқылы танып білеміз.

Күні бүгінге дейін кең етек жайған өнердің негізгі бір саласы – өрнек өнері, бірнеше түрге бөлінетін өрнек халқымыздың тұрмысындағы әр-заттың сәнін келтіріп тұрған символикалық сымбат тәрізді, ою ердің қасында, төсек пен сандық бетінде, сырмақ пен алашада, киімдердің етек, жағасында бәрінде-де кездеседі.

Көптеген мәселелер енді ғана көтерілуде. Бірақ Гегель айтқандай, мәселені дұрыс қоя білу оны әдегеннен жартылай дұрыс шешіп алумен пара-пар.

Атап айтқанда, халқымыздың мәдени мұрасындағы ұлттық өнердің даму процесін зерттеуде салмақты талаптар мен ұмтылыстар бар.

Көшпенділер өмір салтының өміршең-де жемісті болуының себебі, бұл өмір таным, өмір салт айналаны қоршаған табиғатпен, сол дәуірдегі тарихпен, ғарышпен әбден үйлесім тапқанда, қазақ үшін «...өмір болмыс пен тұрмыс философиясы әу бастан-ақ өзара тығыз еді.

Әр нәрсенің көп мағынасы дәлірек айтқанда, бірнеше қыры болады, кез-келген заттың міндетті түрде философиялық танымы, мән-маңызы бар.

Қазақтардың ойлау қабілетіндегі синкретизм олардың тұрмыс-тіршілігі дүниенің жаратылуы, космос пен адам олардың

байланыс қатынасы, адамның ғылымдағы орны, міндет-мұраты туралы кітабы болып табылғандығынан көрінеді» [1].

Ал, мұның барлығы ғылым жолымен ғана емес, миф, аңыздардағы, ертегі, эпостағы сезімдік, көркемдік зерделеу арқылы табылады.

Айталық қазақтың ұлттық бейнелеу өнеріндегі ғажап формалар жан-жануарлар, құс, жәндіктер және өсімдіктер өмірінің қалың, жағдай күйі, ондағы өзгерістермен тығыз байланыстылығының көзге оңайлықпен шалына қоймайтын аса күрделі құбылыстары бейнеленеді. Осы құбылыс жағдайлардың қалыпты күйден көркемдік нақыш түрінде әдептелінуі, шығармашылықпен өзгеруі адам ағзасының психологиялық жағдайында-да маңызды факторлар болып есептеледі.

Тал бойына қол өнерінің ағаштан, қайыстан, киізден, бояудан басқа жасалатын барша құдырет-құпиясын толықтырып, соңғы үш-төрт мың жыл аясында ұдайы шыңдалумен болған, сөйтіп өнердің тәңіріне айналған қазақтың киіз үйін алыңыз. Киіз үйдің конфигурациясы және оның әр-бір бөлшектерінің негізгі қызметі-кереге, сағанак, торкөз, желкөз, басқұр, шаңырақ, түндік бір-бірінде қаншама даналық, тіршілікке оңтайлық бір-бірімен үйлесіп, ортақ шешімін тапқан. Ал, киіз үйдің әшекейлері мен жасау-жиһаздарында терең ойдың астарынан шыққан, талғамы биік қаншама мән-мағына жатыр.

Күн бейнелі әшекейлер, ғарыш пен үндесіп жатқан өрнектер, қошқар мүйіз оюлар, күн мен әлемнің бейнелері, жұлдыздар, ай мен күннің тақырыбындағы «жұлдыз», «гүл», «су», «ай» деп аталатын ою-өрнектер – осылардың бәрінде-де айшықты астар, терең ой, шебер шешімдер жатыр.

Бүгінгі таңда киіз үйдің өнер туындысы ретіндегі қасиеті толық жойылып, тұтыну құралы ретінде ғана сақталып отыр. Өйткені киіз үй бұрынғыдай жеке шебердің дәстүрлі талғамының туындысы емес, ғылыми-техникалық мүмкіндіктің тасқынды өніміне айналды. Не болмаса, ғылым жүзінде «скифский звериний стиль» деген скифтердің даналық өрнегін алайық [2].

Әлемнің әр текті эстеттері бірауыздан мойындаған құдіретті өнер бола тұра, тек өз заманына барша болмысын жарқырата (эстетикалық, сезімдік, сенімдік, қажет десеңіз – саяси-әлеуметтік тұрғыда) қызмет етті. Рас, бүгінгі шеберлеріміздің қолына кесек-

кесек алтын мен асыл тастар берсеңіз, скифтердің даналық өрнегінің көкесін жасайтынына күмән жоқ. Бірақ ол бүгінгі ұрпақтың шығармашылық сезімін қанағаттандырса-да, тарихи-әлеуметтік ортаның ішкі сұранысынан туған өнер бола алмас еді.

М. Әуезовтың «терең философиялық» мәні бар екі пікірі ерекше назар аударады. «Тамыры қурап құлаған бәйтерек, айдалада қураған шөп, қаусап құлағалы тұрған күз-жартас» аңызды тудырушылардың тыңның көтерілуі мен топырақ эрозиясы: қырық жылға таяу уақыт бойы жүргізілген ядролық жарылыстар, космодром, айналаның бәрін улап біткен уран рудниктері және Арал апаты т.б. апат, індеттер туралы көрегендікпен айтқандары емес-пе екен?

Екінші бір назар аударатын тұсы - ата-бабаларымыздың мәңгілік өмірді бейнелеу өнерінен табуы, өнердің мәңгілік қасиетін, ол болашақта да, техникалық цивилизациядан да биік тұратынын сезінудің дәлелі емес-пе екен?

Замана толқыны өнер теңізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды, бұл – бағзы заманнан қалған сәулеттілік ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, мүсін, лағыл тастар мен мәрмәрдан жасалған кереметтер, өткен дәуірден адамдардың жай-күйін аңыз етіп шертетін бейнелеу өнері мен музыка.

А. Янушкевич былай деген екен: «Қазақтың қалың кілемдерінің нұсқалары мүлдем жоғалып кеткен, бұрын құрылыс ісіне пайдаланылған қыр оюы, қырма өнерінен қазіргі жұрттың білетіні шамалы, оның рухы ерте-ме, кеш-пе, қазақ даласына еніп, жарық отын тұтататын болады».

Айталық, ұлттық бейнелеу өнеріндегі бейнелеу өнерінің халықтың дәстүрін таратудың методологиялық негізі мен ұсыныстары жөніндегі пікірлерге келсек, бұрынғы қалыптасқан маркстік-лениндік методология, оның зерттеу ұстанымдары мен әдістері бүгінгі күн қажетіне мүлде сай келмей қалып отыр.

Жаңа талаптарға лайықты ғылыми жүйеленген методологиялық негіздер орнықтыру, оның үстіне ұлттық бейнелеу өнеріндегі бейнелеу өнерін шығармашылықпен ілгері дамытуда бұрынғы қағидаларды сын көзбен қайта қарап, зерттеулердің философиялық, ғылыми-педагогикалық,

этнопсихологиялық ұстанымдары мен әдістемелерінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет.

Осы тұрғыда ұлттық бейнелеу өнеріндегі өрнек өнерінің шығармашылық дамуын парасатты түрде ғылыми сараптап шығып, талдап, екшеп, електен өткізіп, оның объективті ғылыми шығармашылық талаптарға, талғамға сай пайдасын болашақ ұстаздарға ұсынған жөн.

Ізбасарларымызды халық өнерінің уызымен ауыздандырып, философиялық мәні бар шексіз даналы дәстүрлерімізді танып-білуге тәрбиелеу, ұлттық бейнелеу өнерінің көркемдік дамуындағы үрдіс өнегелерді қанына сіңіру, сөйтіп олардың өз ұлтына деген махаббатын, мақтаныш сезімін ояту ертеңге қалдырмайтын басты мақсатымыз.

Халық мұрасындағы ұлттық бейнелеу өнерінің көркемдік дамуы әрбір халықтың мәдени өмірімен біте қайнасып жатқан қасиет, мәдени-философиялық, пішін, оның әлеуметімен бірге жетіледі. Сондықтан ұлттық өнердің қай кезеңінде болсын айтулы құбылыстар ұлттық өнер түрлерінде байыпталуы, гуманистік тұрғыдан өркендей беруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алтаев Ж. Қазақ философиясының қалыптасуы. Док. дис. рефераты. Алматы, Өл-Фараби атындағы ҚМҒУ, 1997, Б. 14-22
2. Кішібеков Р., Сыдықов Ұ. Философия, Алматы, 1994. 337 б.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәләрі, Алматы, 1966, Б. 3.